«Professional Community Astana Orleu»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
БСН 160440028233

Товарищество с ограниченной ответственностью
«Professional Community Astana Orleu»
БИН 160440028233

Z05H9M1, Астана қаласы,
Достық көшесі, 5, 8 қабат, кеңсе43
8 (7172) 25-33-80, 25-33-90
mail@astanaorleu.com

Z05H9M1, город Астана,
улица Достык, 5, 8 этаж, оф. 43
8 (7172) 25-33-80, 25-33-90
mail@astanaorleu.com

Шығ.№ 1562-04 **«03» сәуір 2026 ж.**

«Кентау қалалық экономика және қаржы бөлімі» ММ басшысы Азизбаев И. С. мырзаға

Құрметті Ильхам Самиевич!

Мемлекеттік сатып алу саласындағы маңызды өзгерістерді ескере отырып, **«ProCommunity Astana Orleu» ЖШС** бірінші басшыларды, бас есепшілерді, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру бойынша құрылымдық бөлімшелердің басшыларын, мемлекеттік сатып алу жөніндегі мамандарды **2026 жылдың 16-17 сәуір күндері Кентау қаласында «2026 жылғы өзгерістерді ескере отырып, мемлекеттік сатып алудың өзекті мәселелері: өзгерістер мен толықтыруларға толық шолу. Мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерін басқарудағы, нормалаудағы және жоспарлаудағы жаңартулар. Міндеттемелерді орындау мен бұзушылықтар бойынша тәуекелдерді анықтау және алдын алу жөніндегі практикалық аспектілер» тақырыбында өтетін 2 күндік практикалық семинарға қатысуға шақырады.**

Ағымдағы өзгерістер туралы анықтама:

1. *Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 19 желтоқсандағы No 791 бұйрығымен (ҚР ӘМ-де 2025 жылғы 19 желтоқсандағы No 37616 болып тіркелді) Үлгілік конкурстық құжаттамаларға, аукциондық құжаттамаларға сәйкес мемлекеттіксатыпалу жүзеге асырылатынтауарлар,жұмыстар,көрсетілетінқызметтер түрлерінің тізбесіне (ҚР ҚМ 29.08.2024ж. No 593 бұйрығымен бекітілген) және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына (ҚР ҚМ 9.10.2024ж. No 687 бұйрығымен бекітілген) түзетулер енгізілді.*
2. *Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 4 желтоқсандағы № 749 бұйрығымен (ҚР ӘМ-де 4.12.2025 ж. № 37528 тіркелді) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.*

Іс-шараның мақсаты: *ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа Заңына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына және 2026 жылы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға қатысты ҚР ҚМ-нің басқа да бұйрықтарына қатысты өзекті теориялық және практикалық білім алу. Сатып алу әдістеріндегі жаңашылдықтарды зерттеу, проблемалық мәселелерді шешу, мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамадағы өзгерістерді талқылау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, әкімшілік құқық бұзушылықтарды және мүдделер қақтығысы жағдайларын қарастыру.*

Іс-шараның міндеттері:

- *2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын және мемлекеттік сатып алуды жүргізу бойынша ережелерін (Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығы)қарастыру;*
- ***Семинарға қатысушылардың нақты практикалық жағдайлары мысалында ТЖҚ жоспарлау және сатып алу кезіндегі ағымдағы проблемалық мәселелерді қарастыру;***
- *Сатып алудың тәсілдерін және сатып алу тәсілдерін өткізу тәртібіндегі өзгерістерді зерделеу;*
- *Конкурс, баға ұсыныстарын сұрау және электрондық дүкен тәсілдерімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде демпингтік бағаны анықтау тәртібін зерттеу.*
- *Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының және сараптамалық комиссияның (сарапшының) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымдану тәртібін зерттеу;*

- *Отандық тауар өндірушілерді, мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерін, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін (бизнес) қолдау мәселелерін қарастыру;*
- *Мемлекеттік сатып алу туралы келісімшартқа өзгерістер енгізу шарттарын қарастыру;*
- *Мемлекеттік сатып алу туралы келісімшартты бұзу шарттарын қарастыру;*
- *Әлеуетті өнім берушілердің міндеттемелерді орындауы бойынша проблемалық мәселелерді қарастыру;*
- *Мемлекеттік сатып алуды нормалау мәселелерін қарау – сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қойылатын талаптарды, оның ішінде Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес әзірленетін және бекітілетін заттайнормаларды белгілеу және сатып алу тәсілін айқындау;*
- *Нұсқамаларды орындау мәселелерін қарастыру;*
- *Конкурсқа қатысу өтінімдерінің мазмұнын, қабылдамау себептерін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып мысалдарын қарастыру;*
- *Шарттарды заңдық негіздемелермен пысықтау мүмкіндігімен шарттардың барлық үлгілік нысандарының жобаларын қарау;*
- *Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің мысалдарын қарастыру (талаптардың дұрыстығын негіздеу);*
- *Сатып алуға қатысушылардың әкімшілік бұзушылықтарын болдырмау мақсатында, айыппұлдар кестесін ұсына отырып, сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігін талқылау және т. б.*

Модератор, лектор:

Шагырбаева Акнур Абиковна – *қазіргі сарапшы-практик, 2007 жылдан бастап квазимемлекеттік кәсіпорындарда мемлекеттік сатып алу бойынша электрондық сауда тәжірибесін енгізумен айналысқан. Практикалық жұмыс тәжірибесі: Жамбыл облысы әкімінің аппараты, ҚР ТЖМ, «Самғау» Ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі АҚ, ҚР Президенті Іс басқармасы, ҚР Жоғарғы Соты және т. б.*

2018 жылдан бастап ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жұмыс тобына белсенді қатысуда. 2020 жылдан бастап «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестікті дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жұмыс тобына қатысуда. 2023 жылдан бастап ҚР теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығынан нақты уақыт режимінде теңгерімдеуші нарықты іске қосуға белсенді қатысуда.

Іс-шара кімге арналған: *басшылар, бас бухгалтерлер, бухгалтерия мамандары, сатып алу бөлімінің басшылары, мамандары және мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің мүдделі тұлғалары.*

Тақырыбы: *«2026 жылғы өзгерістерді ескере отырып, мемлекеттік сатып алудың өзекті мәселелері: өзгерістер мен толықтыруларға толық шолу. Мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерін басқарудағы, нормалаудағы және жоспарлаудағы жаңартулар. Міндеттемелерді орындау мен бұзушылықтар бойынша тәуекелдерді анықтау және алдын алу жөніндегі практикалық аспектілер».*

Жоспарланған күні:

- **16-17 сәуір күндері Кентау қаласында.**

Өткізілетін орны: Тапсырыс берушінің базасында.

Жарна:

1) **30 қатысушыдан бастап** бір қатысушыға ҚҚС есебінсіз **59000** теңге, (Ұйымдастырушы ҚҚС төлеуші болып табылмайды).
2) **35 қатысушыдан бастап** бір қатысушыға ҚҚС есебінсіз **55000** теңге, (Ұйымдастырушы ҚҚС төлеуші болып табылмайды).

Ұйымдастырушыға тәуелсіз жағдайлар бойынша, Іс-шараның бір күніне қатысқан кезде, 40 000 теңге мөлшерінде жарна енгізіледі.

Ұзақтығы: 20 академиялық сағат

Оқыту қазақ тілінде жүргізіледі.

Жарнаға мыналар кіреді:

- *Семинарға тіркелу және қатысу*
- *Кофе-брейк*
- *Үлестірме материал («Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңы, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесі», маркер, стикерлер, блокнот,қалам)*
- *Семинарға қатысқандығы туралы атаулы сертификат*

Қатысушылар үшін бонус – 6 ай бойы «Жазбаша сұрақ – жауап» кері байланыс режимінде лектордан сұрақтарыңызға жауаптар(іс-шараға қатысқаны үшін бонус ретінде тегін беріледі)

Іс-шараға қатысу үшін төмендегітелефон нөмірлеріне қоңырау шалу арқылы өтінім беріп, келісім шарт жасау қажет:
Сіздің жеке менеджеріңіз **Ернат- 8708 4253701**
Сіз өтінімді келесі e-mail-ға жібере аласыз: **ernat@astanaorleu.com**

Аталмыш ақпаратты бағдарламалардың әкімшілеріне және ведомстволық бағынысты ұйымдарға жеткізуді сұраймыз. Қосымша 2 бетте.

Бас директор **Б. Аширов**

Қосымша

Семинар бағдарламасы[2]

Семинар тақырыбы: *«2026 жылғы өзгерістерді ескере отырып, мемлекеттік сатып алудың өзекті мәселелері: өзгерістер мен толықтыруларға толық шолу. Мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерін басқарудағы, нормалаудағы және жоспарлаудағы жаңартулар. Міндеттемелерді орындау мен бұзушылықтар бойынша тәуекелдерді анықтау және алдын алу жөніндегі практикалық аспектілер»*

Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың ерекшеліктерімен танысу, 2026 жылғы өзгерістерді талқылау және олардың ерекшеліктері, өзекті өзгерістермен танысу;

Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада қолданылатын ұғымдар.

Мемлекеттік сатып алуды жоспарлау.

Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары (алдын ала).

Мемлекеттік сатып алудан бас тарту.

Алдын ала төлем.

Отандық тауар өндірушілерді қолдау.

Мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерін қолдау.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау.

Сатып алу тәсілдері:

1) конкурс;

2) аукцион;

3) баға ұсыныстарын сұрату;

4) бір көзден;

5) электрондық дүкен арқылы.

Алдын ала біліктілік іріктеуі бар конкурс.

Рейтингтік-балдық жүйені пайдалана отырып конкурс.

Объектіні "кілт тапсыру" тәртібімен салу бойынша конкурс.

Лоттарға бөлу шарттары.

Ұйымдастырушыны және бірыңғай ұйымдастырушыны айқындау тәртібі, сондай-ақ орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.

Әлеуетті өнім берушілерге және (немесе) тартылатын субмердігерлерге (бірлескен орындаушыларға) қойылатын біліктілік талаптары.

Параграф 1. Әлеуетті өнім берушілерге және (немесе) тартылатын субмердігерлерге (бірлескен орындаушыларға) қойылатын біліктілік талаптары.

Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде демпингтік бағаны айқындау тәртібі.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде демпингтік бағаны айқындау тәртібі.

Электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде демпингтік бағаны айқындау тәртібі.

Заңды тұлғалардың уақытша бірлестіктерінің (консорциумның) мемлекеттік сатып алуға қатысуының ерекше шарттары.

Мемлекеттік сатып алуға қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз ету.

Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібі.

Тапсырыс берушінің конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастырушыға (бірыңғай ұйымдастырушыға) ақпарат пен құжаттар беруі.

Конкурстық комиссияның құрамын айқындау және бекіту.

Конкурстық комиссияның хатшысын айқындау.

Сараптама комиссиясының немесе сарапшының құрамын айқындау және бекіту (қажет болған жағдайда).

Конкурстық құжаттама жобасын бекіту және оны веб-порталда орналастыру.

Талқылау. Өтінімдерді ашу. Конкурсты өтпеген деп тану негіздері мен салдарлары

Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібі.

Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу.

Аукционды өткізу.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібі.

Электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібі.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекшеліктері.

Кәсіпкерлік қызметтің субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаның жеке меншік құқығындағы тұрғын үйді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекшеліктері.

Өтпей қалған мемлекеттік сатып алулар бойынша бір көзден мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.

Шарт тікелей жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

Шарт жасасу.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету, аванс қамтамасыз етуі (болған жағдайда), демпингке қарсы сома (болған жағдайда).

Мемлекеттік сатып алу туралы шартқа өзгерістер енгізу шарттары.

Мемлекеттік сатып алу туралы шартты бұзу шарттары.

Жұмыстарды орындау немесе қызметтер көрсету үшін субмердігерлерге (бірлескен орындаушыларға) берілуі мүмкін жұмыстар мен қызметтердің шекті көлемдері.

Шартты орындау.

Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының (сарапшының) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасау тәртібі.

[1] ***Іс-шараға қатысу үшін шақыру шарттары мынадай жағдайларда қайта қаралуы мүмкін: ТЖҚ жеткізушілерінің баға саясатының өзгеруі, ҚР Салық салу шарттары, инфляция деңгейінің өзгеруі, сондай-ақ бағаның қалыптасуына әсер ететін басқа да факторлар.***

[2] ***Іс-шараны ұйымдастырушы бағдарламаны ҚР Заңнамасына енгізілген өзгерістерге және өзге де шарттарға сәйкестолықтыруға жәнетүзетуге құқылы.***